

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ӘЙЕЛДЕРДІҢ ДІНИ РАДИКАЛДЫ АҒЫМДАРҒА КІРУДЕГІ СЕБЕП-САЛДАР

А.Қ. Сақбаева, Н.Ж. Байтенова

АҢДАТПА

Радикалды діни ұйымдарға кіретін мұсылман әйелдерінің әлеуметтік-психологиялық портреті терең әлеуметтік-мәдени, психологиялық және идеологиялық динамиканы көрсететін әртүрлі факторлардың күрделі өзара әрекеттесуін көрсетеді. Радикалды ұйымдар өз қоғамдарында азаматтық құқығынан айырылған әйелдерді тарту арқылы қоғамдастық пен ынтымақтастық сезімін қамтамасыз етеді.

Мақаланың мақсаты - мұсылман әйелдерді радикалды діни ұйымдарға кіруге итермелейтін әлеуметтік-психологиялық факторларды анықтау және зерттеу.

Тақырыптың өзектілігі радикалды діни ұйымдарға кіретін мұсылмандардың әлеуметтік-психологиялық портретін зерттеу, тек академиялық құндылыққа емес, сонымен қатар қауіпсіздікті қамтамасыз ету, саясатты құру, қоғамдастықтың тұрақтылығы және қоғамның бірлігі үшін практикалық маңызы бар болуымен анықталады.

Мақаланың жаңалығы радикалды ұйымдарға кірген мұсылман әйелдердің әлеуметтік-психологиялық сипаты жасалып, халықтың психологиялық менталитетін ескере отырып, оларды рерадикализациялау бойынша іс-әрекеттер ұсынылады.

Мақалада радикалды топтардың қалыптасуы, олардың қоғамдағы рөлі мен радикалды ұйымдардың өздеріне адамдарды тарту жолдары қарастырылды. Сонымен қатар, мақалада радикалды топтарға қосылған мұсылман әйелдерден алынған сұхбаттарға талдау жасалынып, оларды осы топтарға қосылуға итермеген себептер мен олардың психологиялық ерекшеліктеріне талдау жасалынды. Итермелеуші себептер мен психологиялық портреті анықталды.

Түйін сөздер: дін, радикализм, әйел психологиясы, мұсылман әйелдер, рерадикализация.

әл-Фараби атындағы
Қазақ Ұлттық Университеті,
Алматы, Қазақстан

Автор-корреспондент:
Сақбаева А.Қ.,
akerke-94@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Сақбаева А.Қ.,
Байтенова Н.Ж.
Қазақстандағы мұсылман
әйелдердің діни радикалды
ағымдарға кіруге себеп-
салдар // Адам әлемі.
– 2025. – №1 (103).
– Б. 113-124.

Причины и последствия вступления мусульманских женщин в религиозные радикальные течения в Казахстане

Аннотация. Социально-психологический портрет мусульманских женщин, входящих в радикальные религиозные организации, показывает сложное взаимодействие различных факторов, отражающих глубокую социокультурную, психологическую и идеологическую динамику. Радикальные организации обеспечивают чувство общности и солидарности, привлекая женщин, лишенных гражданских прав в своих обществах.

Цель статьи – выявить и изучить социально-психологические факторы, побуждающие женщин-мусульман вступать в радикальные религиозные организации.

Актуальность темы обусловлена тем, что изучение социально-психологического портрета мусульман, входящих в радикальные религиозные организации, имеет не только академическую ценность, но и важное практическое значение для обеспечения безопасности,

выработки политики, стабильности сообщества и единства общества.

Новизна статьи заключается в том, что будут разработаны социально-психологические характеристики мусульманских женщин, вступивших в радикальные организации, и предложены действия по их рерадикализации с учетом психологического менталитета населения.

В статье рассматривается формирование радикальных групп, их роль в обществе и способы привлечения людей к себе радикальными организациями. Кроме того, в статье проанализированы интервью с мусульманками, присоединившимися к радикальным группам, а также проанализированы причины, которые не побудили их присоединиться к этим группам, и их психологические особенности. Выявлены мотивирующие причины и психологический портрет.

Ключевые слова: религия, радикализм, женская психология, мусульманские женщины, рерадикализация.

Causes and Consequences of Muslim Women Joining Religious Radical Movements in Kazakhstan

Abstract. The socio-psychological profile of Muslim women who are members of radical religious organisations reveals a complex interplay of various factors reflecting deep socio-cultural, psychological and ideological dynamics. Radical organisations provide a sense of community and solidarity by attracting disenfranchised women in their societies.

The aim of the article is to identify and explore the socio-psychological factors that encourage Muslim women to join radical religious organisations.

The relevance of the topic is due to the fact that studying the socio-psychological portrait of Muslims who join radical religious organisations has not only academic value but also important practical significance for security, policymaking, community stability and societal unity.

The novelty of the article lies in the fact that socio-psychological characteristics of Muslim women who have joined radical organisations will be developed and actions for their re-radicalisation will be proposed, taking into account the psychological mentality of the population.

The article examines the formation of radical groups, their role in society and the ways in which radical organisations attract people to join them. In addition, the article analyses interviews with Muslim women who have joined radical groups and analyses the reasons that did not motivate them to join these groups and their psychological characteristics. The motivating reasons and psychological profile are identified.

Key words: Religion, Radicalism, Female Psychology, Muslim Women, Re-Radicalisation.

Kіpіcne

Халықаралық қатынастардың қазіргі жүйесі ондағы қатысушылар санының әртүрлілігімен сипатталады. ХХІ ғасырдың басынан бастап оның дамуының маңызды және ажырамас атрибуты халықаралық қатынастардың мемлекеттік емес субъектілері (ҰАТ) мен мемлекеттер арасындағы өзара іс-қимыл мен бәсекелестік болып табылады. Осындай мемлекеттік емес ұйымдар қатарына жататын радикалданған ұйымдар мен қозғалыстар дәстүрлі діні Ислам болып табылатын Орталық Азия елдерінің саяси-экономикалық дамуына қиындықтар туғызауда.

Ислам, басқа идеологиялар сияқты, қалыпты немесе радикалды болуы мүмкін. Экстремалды радикалдар (экстремистер) күрес әдісі ретінде жиі зорлық-

зомбылыққа, соның ішінде терроризмге жүгінеді. Терроризмді қолдану тек исламға ғана тән емес, оған басқа да саяси діндердің радикалды өкілдері қатысады. Радикалды ұйымдар (қозғалыстар) саяси және әлеуметтік жүйелер қалыптасатын іргелі идеяларды, принциптер мен құрылымдарды терең сынға алып, қалыптасқан көзқарастарға қарсы тұруды қолдайды.

Жалпы «радикал» ұғымы латын тіліндегі «radix» сөзінен аударғанда «түбір» немесе «шығу тегі» дегенді білдіреді [1]. Merriam-Webster сөздігінде радикализм «әдеттегіден немесе дәстүрліден мүлдем өзгеше: экстремалды, қолданыстағы көзқарастардағы, әдеттердегі, жағдайлардағы немесе институттардағы түбегейлі өзгерістерді қолдау» деп түсіндіріледі [2]. Философия тұрғысынан радикализм дәстүрден кетуді білдіреді, тарихи

тұрғыдан күрделі әлеуметтік-саяси және экономикалық мәселелерді шешудегі реформистік тенденцияларға бейімділік ретінде түсіндіріледі. Ресейлік зерттеуші В. Пластун: «радикализмнің көріністері саясат пен экономикадағы тұрақсыздықты, төменгі және кейде орта әлеуметтік топтар өкілдерінің мінез-құлқындағы белгісіздік пен теңгерімсіздікті тудыратын әлеуметтік дағдарыстар кезеңдеріне тән» деп көрсетеді [3].

Діни радикализм діни нанымдарды шектен тыс және қатаң ұстануды білдіреді, бұл көбінесе негізгі діни нормалардан немесе қоғамдық стандарттардан айтарлықтай ауытқитын мінез-құлыққа немесе әрекеттерге алып келеді. Радикалды ұстанушылар әдетте діни мәтіндерді немесе ілімдерді абсолютті және тура мағынада қабылдайды, түсіндірудің немесе бейімделудің кез келген түрінен бас тартады. Олар өздерінің діни бірлестіктеріндегі модернизацияға немесе реформаларға қарсы тұрып, оларды шынайы діни ұстанымдардан ауытқу деп қабылдайды.

Бүгінгі таңда ер адамдармен бірге, әйелдердің радикалды діни ұйымдарға көбірек араласуы тіркелуде. Оған бірнеше жағдайлар себеп болуда. Атап айтар болсақ, әйелдердің отбасыдағы тәрбиелік рөлі, яғни олар радикалды бағытта балаларды тәрбиелейді және әйелдердің жаңа көзқарастарға тез бейімделуі, яғни әйел адамдарды радикалды ұйымдарға тартудың жеңіл болуы және тағы басқа. Әйелдерге қатысты радикалды әрекеттер әдетте дәстүрлі гендерлік рөлдерге, нормаларға немесе қоғамдық үміттерге елеулі және көбінесе даулы түрде қарсы тұратын әрекеттерді немесе қозғалыстарды білдіреді. Бұл әрекеттер өмірдің әртүрлі аспектілерімен, соның ішінде әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени салаларды қамтиды.

Мақаланың мақсаты – мұсылман әйелдерді радикалды діни ұйымдарға кіруге итермелейтін әлеуметтік-психологиялық факторларды анықтау және зерттеу.

Мақалада радикалды діни ұйымдарға әйелдердің қосылу себептері мен олардың әлеуметтік-психологиялық сипаты қарастырылады. Зерттеу әртүрлі

ғалымдардың жүргізген зерттеулері, жиналған екінші реттік деректерге және радикалды бағытта болған әйелдермен жүргізілген сұхбаттардың талдауларына негізделеді.

Әйелдердің радикалдануы олардың отбасыларына, қауымдастықтарына және жалпы қоғамға әсер ететіні белгілі. Тақырыптың өзектілігі радикалды діни ұйымдарға кіретін мұсылмандардың әлеуметтік-психологиялық портретін зерттеу тек академиялық құндылыққа емес, сонымен қатар қауіпсіздікті қамтамасыз ету, саясатты құру, қоғамдастықтың тұрақтылығы және қоғамның бірлігі үшін маңызды практикалық маңызы бар болуымен анықталады.

Мақаланың жаңалығы радикалды ұйымдарға кірген мұсылман әйелдердің әлеуметтік-психологиялық сипаты жасалып, халықтың психологиялық менталитетін ескере отырып, оларды рерадикализациялау бойынша іс-әрекеттер ұсынылады.

Әдіснама

Бұл зерттеуде статистикалық және психологиялық әдістемелермен қатар тарихи, салыстырмалы және ситуациялық талдаулар қолданылады. Зерттеуде радикалды діни ағымдардың эволюциясын және олардың бүкіл әлемдегі Мұсылман қауымдарына әсерін бақылауға және мұсылман әйелдерінің алғашқы рет радикалды ұйымдарға/қозғалыстарға қосылуы мен оның себептеріне талдау, жолдарына әсер еткен негізгі тарихи оқиғаларға тарихи-эволюциялық және дедукциялық, индукциялық талдау жасалынды. Әртүрлі географиялық аймақтардағы және әртүрлі діни және идеологиялық контексттердегі Мұсылман әйелдерінің радикалдану тәжірибесінің ұқсастықтары мен айырмашылықтарына салыстырмалы талдау жасалынды. Салыстырмалы талдау радикалдану траекториясын қалыптастыратын бірегей мәдени динамиканы, әлеуметтік-экономикалық теңсіздіктерді және саяси әсерлерді көрсетеді. Сонымен қатар, мұсылман әйелдерінің радикалдану процесін жеңілдететін немесе кедергі келтіретін

контекстік факторларға бағытталған, қоғамдық-саяси ахуалды, қоғамдастық динамикасын, білім беру және экономикалық мүмкіндіктерге қол жетімділікті, сондай-ақ цифрлық және әлеуметтік медиа платформалары арқылы экстремистік әңгімелермен танысу мүмкіндіктеріне жағдайлық талдау жасалынды.

Мұсылман әйелдерінің радикалды діни ұйымдарға кіру туралы шешімінің негізінде жатқан жеке мотивацияларды, танымдық процестерді және эмоционалдық динамиканы зерттеу үшін кейс-стади және тақырыптық талдау сияқты әдістер пайдаланылды.

Халықаралық индекстелген журналдағы мақалаларды қолдана отырып, радикалды діни ұйымдарға қосылған мұсылман әйелдерінің толықтай әлеуметтік және психологиялық портреті ұсынылды. Нәтижелер саясаткерлерге, тәжірибешілерге және қауымдастықтарға экстремизмге қарсы тұруға және әлеуметтік келісімді нығайтуға бағытталған тиімді алдын алу, араласу және қолдау стратегияларын әзірлеуге көмектеседі.

Негізгі бөлім

Әдеби шолу. Бүгінгі таңда бүкіл әлемде көп таралған Исламның экстремистік және содырлық түрлерінің толқыны радикалды Ислам топтары туралы зерттеулерге қызығушылықты арттырды. «Радикал» термині 1817 жылы пайда болды, ол Британдық либералды партияға қатысты «реформа» дегенді білдірді, ал «ислам» шамамен 1500 жыл бұрын осылай аталған әлемдегі екінші үлкен дінді сипаттайды [4].

Жалпы «радикал» сөзі баспасөз мақалаларында алғаш рет 1979 жылы қаңтарда New York Jewish Weekly «Картер Садатты Батыс жағалаумен байланыс орнатуға итермелейді» атты мақаласында қолданылды. Автор сол кездегі АҚШ сенаторы Генри Мартин Батыс Австралияның демократынан Иранда Аятолла Хомейнидің көтерілуі туралы сұхбат алды. Мақалада Аятолланың «христиандарға қарсы, еврейлерге қарсы, бахаизмге қарсы» риторикасын «радикалды ислам» деп атаған [5].

Алайда, 1979 жылдың тамызында «радикалды ислам» өліммен неме-

се зорлық-зомбылықпен байланысты болды. Associated Press Хомейнидің екі жақтастарының өлтірілгенін «радикалды Ислам тобының жұмысы» деп хабарлады. Шындығында, төменде түсіндірілгендей, «радикалды ислам» бұқаралық ақпарат құралдарының контекстінде кең таралды. Шамамен 5 жылдан кейін, Джордж Буш пен 1984 жылғы вице-президенттік пікірталас кезінде конгресспен Джералдин Ферраро, саяси қайраткерлер «радикалды исламды» американдық мүдделерге қауіп төндіретін және халықаралық терроризмнің синонимі ретінде көпшілік алдында анықтады. Пікірталас кезінде Буш «халықаралық террордан немесе Хомейни жасаған радикалды исламнан қорғану» үшін «қалыпты араб мемлекеттерімен» стратегиялық серіктестіктің маңыздылығы туралы айтты [6]. Аталған жағдайлардан кейін «радикалды ислам» мемлекеттердің қауіпсіздікке қауіп төндіріп, зерттеу объектісіне айнала бастады.

Бүгінге дейін жүргізілген зерттеу жұмыстарының көпшілігі радикалды топтардың өсуін түсіндіруде әлеуметтік қозғалыс теорияларына сүйенеді. Кейбір ғалымдар Ислам белсенділігінің әлеуметтік-экономикалық жағдайлары мен психологиялық тамырларының маңыздылығын атап көрсетті. Осы пайымдаулардан әртүрлі әлеуметтік-экономикалық және саяси қысым факторлары қоғамдық наразылықты тудырып, ұжымдық радикалды әрекеттердің орын алуына алып келеді деген қорытынды жасауға болады.

Әлеуметтік-экономикалық және саяси қиындықтар көптеген дамушы мемлекеттерге тән. Жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, кедейлік және алауқаттың төмендеуі мүмкіндіктердің жетіспеушілігімен және тиімсіз басқару – радикалды исламдық қозғалыстардың өсу алаңы деп атауға болады. Алайда, әлеуметтік-экономикалық және саяси қиындықтар радикалды исламның таралуы үшін қажетті немесе жеткілікті шарт емес. Себебі, радикалды исламдық топтар әлеуметтік тұрақсыздық пен экономикалық тоқырау жағдайында, сонымен қатар салыстырмалы түрде дамыған әлеуметтік-экономикалық қоғамдарда да пайда бо-

луы мүмкін. Даму деңгейі мен саяси айыру деңгейінің әртүрлі көрсеткіштері мен радикалды ислам мен терроризмнің өсуі арасындағы байланыстың бар екендігін көрсететін дәлелдер жеткіліксіз. Сонымен қатар, қоғамда кең таралған пікір, Исламистердің ақшалай сыйақы беруі қосылуға негізгі ынталандыру болып табылатыны туралы нақты дәлелдер жоқ. Жұмысқа қабылданғандар төлемдерді алса да, көптеген адамдар өздерінің жеке қауіпсіздігі мен бостандығына шағын қаржылық пайда алу үшін қауіп төндіруі нақты дәлелденбеген.

Талдаулар мен нәтижелер. Исламдағы әйелдер туралы мәселе өте күрделі және түсіну мен талдау үшін теологиялық, лингвистикалық және тарихи білім мен дағдылардың үлкен деңгейін талап етеді. Жалпы қоғамда Исламдағы әйелдер көбінесе пассивті, құрбан, дәрменсіз, бағынышты тұлға және ана ретінде көрінеді. Мұндай болжамдар гендерлік стереотиптерді күшейтеді. Нәтижесінде, әйелдер әлеуетті экстремистер болып саналмайды және экстремизмге қатысы бар болса, ер адамдар сияқты аса қауіпті деп саналмайды. Әйелдерді құрметтеу дәстүрі оларды экстремизммен күресуге күшті үміткер еткенімен, бұл оларды радикалды прозелитизмнің нысанасына айналдырады.

Ислам радикализмінің дамуының бастапқы кезеңдерінде (90-жылдардың ортасына дейін) қоғамның әйел бөлігін белсенді тарту болған жоқ. Радикалды исламның басым көпшілігі мұсылман территорияларында дамуының себебі ол мемлекеттердегі әйел дәстүрлі түрде ошақтың қамқоршысы ретінде қабылдануы және оның саяси өмірге (соның ішінде радикалды қозғалыстарға) кез-келген жағдайда қатысуын қоғам теріс қабылдауы болды. Сондықтан экстремисттік топтардың айналасындағы адамдарға қандай әсер етуі мүмкін екенін жақсы біле отырып, әйелдер мен қыздарды өз жұмыстарына белсенді түрде тартуға тырысты. Кейінірек, ер адамдардың соғысқа аттануымен көптеген мемлекеттерде әйелдерді радикалды исламистік ұйымдарға жанкештілер, содырлардың әскери әйелдері немесе бақылаушылар ретінде тарту процесі күшейе түсті. Со-

нымен қатар әйелдер көбінесе әлсіз жеке психологиялық сипаттамаларға ие боландықтан, билікке аз күдік туғызды, ал бұл террористік актілердің орындарына ену үшін оңтайлы болды.

Оған дәлел ретінде, 1950 жылдары Алжирде ұлттық азаттық майданының әйел жауынгерлері стратегиялық қала-лық нысандарға бомба тастау үшін бақылау бекеттеріне жалданған [7]. 1990 жылдары Шри-Ланкада әйелдер батальондары қатал тәртіпті және аяусыз шайқастармен күресетін беделге ие болды. Колумбияның Революциялық қарулы күштерінде (РВСК) әйелдер жеке құрамның шамамен 40% құрады, олар барлық жедел қызметтерде, соның ішінде жауынгерлік бөлімшелердің командирлері ретінде қызмет етті, бұл топқа өзінің әскери әлеуетін едәуір кеңейтуге мүмкіндік берді [8].

Ғылыми зерттеулер мен академиялық ғылымда әйелдер терроризміне, олардың радикалды ұйымдарға кіру себептеріне жүргізілген зерттеулер саны аз. Бұл, әйелдердің рөлін елемеу радикализмге қарсы күресте тактикалық және стратегиялық қателіктерге алып келді. Еуропалық дереккөздердің мәліметтері бойынша, қазіргі әлемде әртүрлі радикалды ұйымдарда 10-25%-ға дейін барлау қызметінде, террористік актілерге қатысушылар ретінде содырлардың жаңа буындарын тәрбиелеуде әлдеқайда тиімді әйелдер бар [9]. Көптеген жылдар бойы әйелдер зорлық-зомбылық экстремистік топтарға қосылып, оларға қолдау көрсетіп, атап айтқанда жауынгерлік міндеттер, жұмысқа шақырушы, қаражат жинаушы ретінде әрекет етті және операцияның сәттілігі үшін маңызды басқа да көптеген функцияларды орындады. Зорлық-зомбылық жасайтын саяси актерлердің дәстүрлі идеяларында әйелдер жиі еленбесе де, олар соңғы бірнеше онжылдықта қарулы көтерілісшілер топтарының 60% белсенді қатысты [10, 11].

Бастапқыда радикалдану орындары ретінде мешіттер деп танылып, бұл олардың жабылуына, тексерулердің жоғарылауына жоғары деңгейіне алып келді. Алайда қазіргі заманғы зерттеулерге сәйкес, жұмысқа қабылданған әйелдердің көпшілігі әлеуметтік желі-лерде немесе

әртүрлі интернет сайттарынан ақпарат алған. 2019 жылдың мамырында Жаңа Зеландия Үкіметі Интернеттегі террористік және зорлық-зомбылық экстремистік мазмұнды жою үшін Кристчерчтің белсенді әрекеттеріне интернет желісі арқылы шақырған [12]. Сонымен қатар, Батыстық зерттеу жұмыстарынан арнайы сайттар арқылы әйел адамдарды жұмысқа шақырған.

Қазіргі уақытта Сириядағы күреске, әсіресе ДАИШ-пен, сондай-ақ басқа экстремистік топтармен күресіп жатқан әйелдерге келетін болсақ, БАӘ-де орналасқан Nedayah талдау орталығы әйелдер мен жас қыздар негізінен әлеуметтік желілер арқылы жұмысқа қабылданғанын және оның арасында неке ұғымы маңызды фактор болғанын атап өтті. ДАИШ-ке қосылған шетелдік әйелдердің болжамды саны соғысып жатқан Батыстықтардың жалпы санының 10% құрады және жыл сайын артып келуде [13].

Момбаса округіндегі лаңкестік шабуылдардан кейін әйелдер ұлдарының, күйеулерінің немесе ағаларының экстремистік топтарға қосылғаннан кейін мәжбүрлі түрде қосылған. Олардың радикалды топтарға қабылдануының себептері кедейлікпен немесе жұмыс-сыздықпен байланысты емес, бұл туыстық қатынастың салдары ретінде атап өтуге болады. Әйелдер және терроризм мәселелерін зерттеу айналысатын жетекші ғалым, Миа Блум, әйелдердің радикалды ұйымдарға қосылуының негізгі себептері ретінде кек алу, өтеу, қарым-қатынас және құрмет, сондай-ақ зорлық-зомбылық экстремистік әйелдер арасында зорлау жағдайларды атайды.

Ағылшын зерттеушісі Беверли Милтон Эдвардс (ВМЕ): әйелдер әр-түрлі себептермен жиһад топтарына қатысады. Оның айтуы бойынша, қолдау көрсететін әйелдер, қосылатын әйелдер және осы топтарға қатысатын әйелдер арасындағы айырмашылықты анықтау маңызды. Сондай-ақ, әйелдер қосылу туралы белсенді шешімдер қабылдайды деп санайтындар мен әйелдердің осындай топтарға қосылу үшін белсенді түрде тартылатындығы, сондықтан оларды әлдеқайда пассивті

деп санайтындар арасында айтарлықтай айырмашылық бар. Бұқаралық ақпарат құралдары көп жағдайда жиһадшылар әйелдерді «психологиялық өңдейді» деп көрсетеді [14]. Бұл батыста да, ДАИШ сияқты жиһад топтарын насихаттауда да әйелдерді психологиялық тез қабылдаушы, пассивті, жазықсыз және ізгілікті тіршілік иелері ретінде бейнеленген. Бірақ бұл жұмыстар әйелдердің осы жиһад топтарына қатысуына қатысты өз шешім мен әрекеттерінің еркіндігі екендігін елемейді. Зерттеулер көрсеткендей, бұл топтарды қолдайтын, қосылатын немесе жұмысқа қабылданатын әйелдердің көпшілігі шын мәнінде орта немесе жоғары білімі бар әйелдер. Сондықтан мұнда әйелдер нақты әрі өз адекватты таңдау жасайды. Олар жасайтын таңдау шеңбері қоғамдық санадан әлдеқайда өзгеше, яғни радикалды ұйымдарда оларды құлдыққа түсіріп, қанайтын жағдайлар емес, осы бағытта жеке басының пайдасын ойлаған әйелдерде кездеседі. Радикалды топтарға қосылатын көптеген әйелдер үшін олар бұл мүмкіндіктерді кеңейту, босату және өздері ұстанатын сенім жүйесімен қоғамда өмір сүру мүмкіндігін қарастырады [13].

ДАИШ-ті Батыс көбінесе өте мисогинистік ұйым ретінде қарастыруымен, ДАИШ-ті жалдаушылар Батыс әйелдерін Сирия мен Иракқа әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейтудің консервативті нұсқасын ұсынған тіл арқылы саяхаттауға арнайы бағыттады, онда олар исламофобиялық қоғамдардан босатылады. Осыған байланысты ДАИШ өзінің ағылшын тіліндегі онлайн-үгіт-насихат журналы Dabiq-тегі әлеуетті жалдаушыларға көптеген уәделер берді, соның ішінде олар Сирия мен Ирактағы ДАИШ-ке сапарларында өздерінің діни міндеттерін орындауға, мемлекеттің маңызды құрылысшылары болуға, терең және мағыналы тиесілілік пен қарындастықты сезінуге және қызықты оқиғалардан бас кешуге аттанады. Сол сияқты, ДАИШ-ке қосылған кейбір батыс әйелдері Твиттерде, әртүрлі әлеуметтік блогтар жазып, мәтіндік хабарламалар жіберді және басқа жолмен өз еліндегі әйелдерге үйлер, ақша және тұрмыстық заттар түріндегі материалдық игіліктерді

пайдалануға берілетіндігін (олардың барлығы жауларынан тәркіленген), сондай-ақ оларға қару-жарақ берілгенін хабарлаған (мысалы, Калашников автоматтары). Олар сондай-ақ өз елдерінде маргинальданудан, кемсітушіліктен немесе кез келген исламофобиядан идеалды Ислам мемлекетін құруға ұмтылуды таңдайтынын жазған. Сол сияқты, олар шынайы махаббатты қалай тапқаны және өлімнің барлық сыйақыларымен «шейіт болу» арқылы ақыретке бағытталған өмірді қалай өткізгені туралы да жазған [16].

Мароккода туылған 32 жастағы голландиялық және ДАИШ содырының әйелі Умм Мұхаммедке ICSVE зерттеушілері 2018 жылдың қазан айында Сириядағы қамауға алынған лагерьде сұхбат берді. Ол Голландияда өмір сүргенін және Ислам мемлекеті туралы естігенін есіне алды. «Мен әрбір мұсылман өзінің исламын ұстануға болатын жерде өмір сүруге міндетті деп сендім. Олардың насихаты өте күшті болды. ДАИШ күшті болды. Батыс бұқаралық ақпарат құралдары да үлкен адасушылық тудырды. ДАИШ Ирактың жартысын үш-төрт күнде басып алды. Мен таң қалдым, мүмкін бұл пайғамбар болжаған мемлекет шығар деп ойладым». Умм Мұхаммед, оның күйеуі және үш баласы Сирияға көлікпен барған. Келгеннен кейін күйеуі дереу шарифат пен қару-жарақ жаттығуларына апарылды, ал оны және оның балаларын Раккаға апарып, ДАИШ әйелдер үйіне орналастырды. Ол былай деді: «[біз ДАИШ аумағына жеткенде] төлқұжаттарымызды, телефондарымызды, планшеттерімізді және т.б. беруге тура келді. Олар еркектерді әйелдерден бөліп, бізді Раккаға апарды. Бұл үлкен соққы болды. Мен үшін және басқа әйелдер үшін бұл түрме болды. Бұл өте жаман болды, Мен қатты өкінетінмін» деді [13].

ICSVE 2018 жылдың қазан айында Сириядағы қамауға алынған лагерьде сұхбат берген ресейлік ДАИШ содырының 30 жастағы әйелі Наташа жас кезінде исламды қалай қабылдағанын есіне алды. «Мен Исламды қабылдадым, өйткені Мен Құдайдың бар екенін білдім. Бірақ менің ата-анам қарсы болды. Олар мұсылмандарды террорист деп ойлады», – деп қосты ол. Ақырында оның ата-анасы оның жаңа сенімін қабылдады, бірақ Наташа сенімге

жаңадан келген мұсылманға үйленгенде, достары оларды Ислам мемлекетіне баруға көндірді. Ол: «біз Раккаға бардық, бұл нағыз ислам болады деп ойладық, бірақ оның орнына бұл өте қиын болды. Біз жаңа мұсылмандар едік, сондықтан нағыз исламның не екенін көрмедік». Сұхбатта Наташа мен оның күйеуі бірден қосылғанына өкінгендігін айтты. Алайда, ДАИШ оны топ үшін күресуге мәжбүр етіп, бас тартқан кезде оны соққыға жыққанын айтады. Наташа: «мені Раккаға екі айға апарып, әйелдер үйіне орналастырды. Бұл нағыз түрме болды. Шығу мүмкін емес еді. Бұл [ДАИШ кезінде] қорқынышты болды. Ең қорқыныштысы, бомбалардың дауысы болды. Көбісі ДАИШ-тің ақпарат берушілері болғандықтан, ешкімге сену мүмкін емес еді», – дейді. Ақырында ерлі-зайыптылар қашып кетудің жолын тапқан, бірақ соңында YPG қамауға алынып, қазіргі уақытта екеуі де Сириядағы қамауға алынған лагерьлерде өз үкімдерін күтіп отқанын айтады [17].

ICSVE 2018 жылдың тамызында Сирияның тұтқындау лагерьінде сұхбат берген 22 жастағы бельгиялық Сальма әкесінің алдымен Тунисті сынап, бірақ көңілі қалғаннан кейін шынайы ислам өмірін іздегенін есіне алды. Ол оның артынан ДАИШ-ке қалай аңғалдық танытқанын түсіндірді. Ол сұхбатта әкесінің нағыз Исламдық өмір сүргісі келгендігі жайлы атады. «Менің әкем [Ислам мемлекетіне] бірінші болып келіп, маған [2015 жылдың шілдесінде] қоңырау шалды. Сөйтіп ол жақта мұсылмандарға өмір сүру жақсы екенін айтып, мұнда сен өзіңнің хиджабыңды кие аласың, біз мұнда еш қысылмаймыз», – деп айтқан. Көп ұзамай Сальма үйленуге келісіп, өз отбасымен сол жаққа аттанған. Бірақ, біраз уақыттан соң отбасының үш мүшесі де ДАИШ исламдық емес, қатыгез және жемқор ұйым екенін түсініп, қашуға тырысқан. Олар екі рет қашуға әрекет етіп, оның екеуі де сәтсіз аяқталған: біріншісі түрмеге қамалып, әкесін азаптаумен, күйеуінің ДАИШ-пен соғысудан бас тартқаны үшін қамауға алумен аяқталған. ДАИШ-тен қашудың екінші әрекетінде оларға қару-жарақ қолданып, оқ жаудырған. Оның әкесі көз алдында қайтыс болып, өзі екі жерден жарақат алған [18].

Бангладеш иммигранты Рошонара Чоудри Лондондағы Кингс колледжінің байланыс саласындағы ең жақсы бакалавриат студенті болған. Рошонара интернеттегі Анвар Аль Авлакидің уағыздарына тап болып, бірте-бірте Авлакидің мұсылмандардың жиһадпен күресуге жеке міндеті бар және Ирактағы АҚШ коалициясының шапқыншылығы мен соғысына ашуланып Рошонара өзінің осы тақырыпты терең зерттей бастаған. Ол Анвар Аль Авлакидің бейнелерін жүктеп алып, оларды мұқият қарап, хижраның жеке нұсқасын жасайды Сөйтіп, оқу орнындағы адамдардан «кәпірлерден» алыстауды жөн көріп, достарынан алыстай бастайды. Университеттің соңғы жылын оқып жатса да, факультеттерінің бірі Израильдің Палестиналықтарға қарсы агрессиясын қолдағанын айтып, оны оқудан шығып кетеді. Сонымен қатар, ол Батыс коалициясының Иракқа басып кіруінен зардап шеккен қоршаудағы Ирактықтардың мүддесі үшін әрекет ету керек екеніне көз жеткізгенде, ол қай жергілікті парламентшілердің соғысқа дауыс бергенін зерттейді. Жиһадты жүзеге асыру үшін соғыс аймағына бармауға бел буған ол екі ас үй пышағын алып, кеңсесінде Лейбористік партияның депутаты Стивен Тимспен кездесуге барып, онда ол пышақты екі рет ішіне сұққан. Оның ісін тергеу кезінде полиция Рошонараның Авлаканың бейнелерінде террористермен белсенді байланыс таба алмады. Бұл мұсылман әйелдердің әлсіз емес екендігін және олардың да белгілі бір деңгейде террористік іс әрекеттерге баруға қабілетті екендігін көрсетті [18].

17 жасында исламды қабылдаған Американдық Шеннон Конли никаб киіп, атын өзгертіп, интернет-чаттарда әртүрлі ағымдардағы діни бейне жазбаларды көре бастаған. Желі арқылы ол жаңа өмір іздеп, өзінің жаңа тұлғасын қалай толтыруға болады деген сұраққа жауап іздеген. Шеннон, өзі өмірден өткеніне қарамастан жазбалары интерне желілерінде үлкен қызығушылыққа ие болған ДАИШ идеологы және Эл-Каида Анвар Эл-Авлакидің жазбаларын оқып, оның ыза-кекшілікке толы хабарын тыңдаған. Шеннон оның жазбаларының дұрыс екендігіне толық сенімді болған. Экстремистік чаттарға

қосыла отырып, ол Палестиналықтардың және қақтығыс аймақтарындағы басқа да мұсылман құрбандарының жағдайы туралы көбірек біліп, бұл оны Ислам, мұсылман жерлері және Батыстың шабуылына ұшыраған мұсылмандар туралы жауынгерлік жиһадтық әңгімеге әкелді. Нәтижесінде Шеннон дінге бет бұрған мұсылман әйел ретінде олардың атынан әрекет ету керек деген сенімін нығайтты. ФБР-ден жауап алу кезінде ол АҚШ-тағы танымал тұлғаға шабуыл жасауды қарастырғанын мойындаған. Ол бұл жоспарды жүзеге асырмағанына қарамастан, ол Skype арқылы ДАИШ экшн-фильмінің қаншалықты өзіне ұнағандығы туралы айтып осы топқа қосылуға тырысқаннан кейін қамауға алынған. Ол қатаң режимдегі түзеу мекемесінде төрт жылға бас бостандығынан айырылды. Ол бүгінде ДАИШ-те кек алу мақсатында жұмысын жалғастыруда [19].

Сұхбат нәтижелері бойынша, әйелдердің радикалды топтарға қосылуына итермелеген себептер ретінде келесі жағдайларды атауға болады:

– Шынайы сенім – террористік топ шынайы исламды білдіреді және осы жағдайда радикалды топтар оның халифатын құруға көмектесетініне шынайы сенген;

– Кек алу – геосаясатқа, кемсітушілікке, маргинализацияға қарсы шығып, бұл мәселелерді шешу үшін радикалды топ көмектесе алатынына, әлемді жақсы жаққа өзгерте алады деп сенген;

– Із басаршылық сезім – мұсылман үмбетінің «жалған туыстарына» тиесілі болуға ұмтылады және топтың сүйіспеншілігін, қарындастығын, қорғанысын және серіктестігін іздейді.

– Қиындықтардан қашу – отбасылық қарым-қатынастағы қиын жағдайлар мен мәселелерден қашып, өз «тәуелсіздігін» іздеу жолында қосылады;

– Өз күнәларын өтеу – өзінің күнәларынан арылу және өзінің өткен өмірін тазарту мақсатында қосылады. Бұл көбінесе үмітсіз және депрессияға ұшыраған әйелді қамтиды, ол «шейіт» ретінде қаза болу оның азапты жағдайлардан құтылу мен арылудың ең жақсы нұсқасы екеніне сеніп әдейі қосылады;

Психологиялық ерекшеліктері бойынша:
– Тез сенгіш, «өз жүрегін таңдаған»
қыздар радикалды бағыттағы ер адамның
сөзіне тез сеніп, оған ғашық болып, соның
артынан еріп жүрген;

– Өмірде өз орнын табу – өзінің өмірдегі
маңыздылығы пен мақсаттын іздейді. Өзін
іздеу барысында әр түрлі ағымдарды зерт-
теп радикалды ағымдардың сөздеріне
сенген;

– Авантюрист – өмірден көңілді,
романтикалық, шытырман оқиғаны іздейді.
Өзін «батыр» ретінде көрсеткен «джихат»
жолындағы ер адамдарды таңдап, сонымен
бірге соғысуды «қызық» көреді;

– Материалистік – қаржылай немесе
заттай сыйақы іздейді. Ол жалақы, жақсы

баспана және жақсы өмір сүру үшін
қосылады. Ондай адамдарды қылмыстық
бағыттарда пайдалануда жеңіл;

– Бағынушы мінез-құлық – дәстүрлі
рөлдерді ұстанады. Ол күйеуіне, ағасына
немесе әкесіне бағынады және олардың
соңынан ереді, зорлық-зомбылыққа
көнеді. Өздерін «тәуелді» деп санайды;

Осы жағдайлардан көріп
тұрғанымыздай, радикалды ұйымдарға
қосылған мұсылман әйелдерінің
психологиялық профилін талдауда әртүрлі
факторлардың, соның ішінде әлеуметтік,
мәдени, психологиялық және саяси
аспектілердің басым болғандығын ескеру
керек (кесте 1).

Кесте 1. Мұсылман әйелдердің радикалды топтарға қосылу жағдайларына талдау

| Факторлар | Итермелеуші себептер | Қосылу себебі болуы мүмкін жағдайлар |
|----------------------------------|------------------------------|---|
| Әлеуметтік-мәдени факторлар | Сәйкестік және тиістілік | көптеген әйелдер өз қоғамында қажетсіздік немесе маргиналдану сезімін сезінеді. Радикалды ұйымдар көбінесе өз орны мен өмірінің мәнін табуға ұмтылатын әйелдерді қызықтыратын күшті тиесілік пен қауымдастықты ұсыну арқылы тартады |
| | Отбасылық байланыстар | кейде радикалды ұйымдарға қатысқан туыстарының немесе достарының әсері қосылу туралы шешім қабылдауда шешуші рөл атқарады. |
| Психологиялық факторлар | Идеализм және мағынаны іздеу | жас әйелдер, әсіресе жеке іздеу кезеңінде өмірдегі маңыздылық пен мақсатты уәде ететін радикалды идеологияға осал болуы мүмкін |
| | Әділетсіздік сезімі | жеке немесе топтық әділетсіздік тәжірибесі радикалданудың күшті факторы болуы мүмкін. Бұған кемсітушілік, зорлық-зомбылық немесе жаһандық контексте мұсылмандардың қысымын қабылдау кіруі мүмкін. |
| Саяси факторлар | Идеологиялық өңдеу | радикалды топтар көбінесе әйелдердің эмоциялары мен қабылдауын манипуляциялау үшін үгіт-насихат жұмыстарын қолданады, оларды «дұрыс» іс үшін күреске қатысу қажеттілігіне сендіреді |
| | Рөлдер мен мәртебе | кейбір жағдайларда радикалды топтар әйелдерге өздерінің дәстүрлі қауымдастықтарында қол жеткізе алмайтын рөлдер мен мәртебелерді ұсынады, бұл күшті ынталандырушы фактор |
| Жеке ерекшеліктері | Эмпатия және альтруизм | кейбір әйелдер радикалды ұйымдарға қосыла алады, олар басқаларға көмектесуге немесе әділетсіздікті түзетуге деген шынайы ниетпен қозғалады |
| | Тәуекелдерді іздеу | жаңа тәжірибелер мен сезімдерге ұмтылу радикалды ұйымдарға қосылу туралы шешім қабылдауда да рөл атқаруы мүмкін |
| Әлеуметтік желілер және интернет | Әлеуметтік медианың әсері | интернет пен әлеуметтік медиа радикалдану процесінде маңызды рөл атқарады, идеологияны тарату және жалдау платформасын ұсынады |
| | Онлайн қауымдастықтар | жабық онлайн қауымдастықтар тиесілілік пен қолдау сезімін қамтамасыз ете алады, бұл әсіресе әлеуметтік оқшауланды бастан кешіретін әйелдер үшін маңызды |

Радикалды ұйымға қосылған әрбір әйелдің өзіндік тарихы мен мотивациясы бар. Бұл факторлардың бір-бірімен жиі араласып, әсер ететінін түсіну маңызды. Радикалданумен жүресу үшін әлеуметтік интеграция, психологиялық қолдау және білім беру мәселелеріне кешенді көзқарас қажет.

Қазіргі уақытта жалпы террористік топтар мүшелерінің санының төмендеуі байқалғанымен (алайда, оның ішінде «ұйықтап жатқан жасушалар» бар), кейбір мәліметтер бойынша – жұмысқа қабылданған әйелдер саны артып келеді. Тиісінше-террор жүйесіне енген әйелдерді жалдау мен радикалдандыруға қарсы тұру бағдарламасын толығымен пысықтау қажет.

Бұл мәселені шешу үшін әйелдердің радикалды топтарға қосылу мотивтерін және олардың топтағы тәжірибесін түсіну маңызды. Бұл радикалды ұйымдарға қосылған әйелдердің мотивациялық факторларына жасалынған зерттеу жұмысы бұл жағдайдың әртүрлі себептермен әртүрлі санаттағы, топтағы әйелдер арасында орын алатындығы көрсетті және бұл мәселе терең зерттеуді, шешу жолдарын анықтауды қажет етеді. Сонымен қатар, кең танылған радикалды ұйымдар өзіне адамдарды жалдауды жалғастыруда және ай сайын кемінде 100-ге жуық адам радикалды ұйымға қосылуға тырысады және оның 90% қосылатынын ескерсек, батыстық әйелдерге де, ерлерге де бағытталған алдын алу шараларын әзірлеу қажет екені анық. Аталған мәселелерді шешу де ұсынылатын жолдар:

Білім беру және ақпараттандыруды кең тараптандыру: толеранттылықты насихаттау, адам құқықтары туралы білім беру, мәдени әртүрлілік және діни төзімділік радикалданудың алдын алуға көмектеседі. Жеке қауіпсіздікті үйрету және сыни тұрғыдан ойлау бағдарламалары да маңызды рөл атқарады.

Әлеуметтік интеграцияды жетілдіру: азшылықтар мен осал топтардың, соның ішінде әйелдердің әлеуметтік интеграциясын қолдау олардың радикалдану осалдығын төмендетуі мүмкін. Бұл білімге, жұмысқа, денсаулық сақтауға және басқа да негізгі ресурстарға қол жеткізуді қамтиды.

Қауымдастықпен ынтымақтастық: жергілікті көшбасшылар мен қауымдастықтарды радикалданудың алдын алу бағдарламаларын әзірлеуге және іске асыруға қосу олардың тиімділігі мен қабылдануын арттыруы мүмкін.

Жоғарыда аталған барлық мәселелер мен әйелдердің радикалдануының себептері өз шешімін табуы керек болса да, ең бастысы әйелдер мен ерлердің тең өмір сүру жағдайларын жасау және кемсітушілік мәселесін шешу керек. Терроризмді насихаттаушылардың алдында өзін «қажетсіз» немесе «өмірдің шетінде» сезінетін әйелдер де өте осал болады. Бұл үдерістегі ең маңызды рөл әйелдер мен ерлерде білім алуға және жұмысқа орналасуға тең қол жетімділігі, діни белгілері мен сыртқы келбеті бойынша әйелдерді кемсідуді жою болуы мүмкін. Сондай-ақ, интернетте, әлеуметтік желілерде және мессенджерлерде таратылатын ақпаратты бақылау жүйесін жолға қою қажет. Әйелдерді дерадикализациялау, әрине, жазалау немесе бас бостандығынан айыру арқылы ғана емес, сонымен қатар психологтардың, психотерапевттердің, медициналық антропологтардың және тіпті әйелдің психикалық жағдайын тұрақтандыруға және оны орындалмаған үміттердің тұйық шеңберінен шығаруға көмектесетін діни көшбасшылардың көмегімен жүргізілуі керек. Сонымен қатар, әйелге жеке жауапкершілік пен өзіндік маңыздылық сезімін қайтарып, жаңа мамандық немесе хобби тауып, қалыпты өмірге қызығушылығын арттыру қажет.

Әйелдер балаларының экстремистік топтарға кіруіне жол бермеу, сондай-ақ экстремизм мен зорлық-зомбылықтың ықпалынан бас тарту үшін өздерінің әлеуетін арттыру бойынша күш-жігерінде жабдықталуы және қолдауы қажет. Қоғамдық деңгейде, үйден тыс жерлерде әйелдер мен қыздар толеранттылықтың жақтаушылары бола алады және өз қауымдастықтарындағы экстремизмге қарсы күшті қарсы хабарды жеткізе алады. Бұл Батыс Африкада, әсіресе Нигерияда айқын болды, мұнда әйелдер мұны конфессияаралық ұйымдардағы жұмысы, толеранттылықты насихаттау және діни

ілімдерді радикалданған түсіндіруге қарсы тұру үшін жергілікті қоғамдық іс-шараларды өткізу арқылы жасайды. Олар өз қауымдастықтарында діни лидерлер ретінде жұмыс істейді, өздерінің оқу орындарындағы осал жастар мен жас әйелдерге белсенді түрде кеңес береді.

Жергілікті әйелдерге зорлық-зомбылық экстремизміне қарсы тұру саласындағы өз басымдықтары мен стратегияларын анықтауда дербестік пен көшбасшылық танытуға мүмкіндік беру. Әйелдердің терроризмдегі рөлі туралы зерттеулер мен деректерге инвестиция салу, олардың радикалдануына және террористік топтарға қатысуына алып келетін факторларды, сондай-ақ терроризмге қарсы стратегиялардың олардың өміріне әсерін анықтауда маңызды рөл атқарады. Мемлекеттік деңгейде терроризмге қарсы күрес және зорлық-зомбылық экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі барлық шараларға гендерлік-сезімтал мониторинг пен бағалауды қамтамасыз ету керек.

Қорытынды

Мемлекеттік, ұлттық және жергі-лікті деңгейде бұқаралық ақпарат құралдарында әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейту экстремистік хабарламалардың тартымдылығына қарсы тұру үшін өте маңызды. Олардың осы қоғамдық салаларда, соның ішінде әлеуметтік желілерде болуының өзі экстремистік хабарламаларға күшті жұмсартқыш әсер етеді. Білім беру сыни тұрғыдан ойлауды, мәселелерді шешуді және коммуникативті дағдыларды қамтамасыз етеді, бұл жеке адамдардың радикалдануын және осындай экстремистік хабарламалар мен әңгімелерге қалай қарсы тұру керектігін түсіну үшін қажет. Сонымен қатар, білім беру әйелдер мен қыздарға салауатты, тұрақты және бейбіт қоғамдастықтарды құруға үлес қосу үшін қажетті өзіне деген сенімділікті оятады. Әйелдер мен қыздардың зорлық-зомбылық экстремизмінің алдын алу бойынша білім мен дағдыларға деген сұранысы жоғары екені анық. Әйелдер мен қыздардың қоғамға білімді және өкілетті тұлға ретінде, мұғалімдер, тәлімгерлер, үлгі-өнеге,

журналистер, діни лидерлер, емшілер және қоғамдық көшбасшылар ретінде белсенді қатысуы зорлық-зомбылық экстремизмінің әсері мен таралуына төзімділікті арттырады.

Радикалды топтарға әйелдерді де өз қатарына белсенді тартуда. Шын мәнінде, зерттелген сұхбаттар арасында ешкім мұндай нәтиже болады деп күтпеген, көпшілігі өз рөлдерінде кінәсіз деп санайды. Алайда, сұхбат алған әйелдердің жауаптарынан олардың арасында кей қатыгездік, ұрып-соғумен айналысқан әйелдердің де болғанын байқауға болады. Сонымен қатар, әйелдер арасында соғысқа қатысуға ерлерді жігерлендіргендері де кездеседі. Алайда әйелдердің көпшілігі, радикалды топтардың шын мақсатын қосылған кезде біліп, ол топтардан көңілі қалғанын, оған қашу әрекетіне тырысқан. Алайда, олар өз азаматтарын тұтқындағанда, түрмеге жабықанда, азаптағанда оларға қолдау көрсетуге тырысқан.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Online Etymology Dictionary // [Electronic source] URL: <https://www.etymonline.com/word/radical> (the date of referring: 20.06.2024)
- 2 The Roots of «Radical» // [Electronic source] URL: <https://www.merriam-webster.com/wordplay/radical-word-history> (the date of referring: 20.06.2024)
- 3 Plastun V.N. Jevoljucija ideologii i taktiki jekstremistskih dvizenij v stranah Vostoka [Evolution of ideology and tactics of extremist movements in the countries of the East]. – Novosibirsk: Izd-vo Sibirskij hronograf, 2002. – 712 s. (in Russ)
- 4 Taylor M, The Reform Party in Parliament // The Decline of British Radicalism, 1847–1860 // [Electronic source] URL: <https://academic.oup.com/book/3560/chapter-abstract/144821143?redirectedFrom=fulltext> (the date of referring: 15.06.2024)
5. Ceremony Heard Around the World // [Electronic source] URL: <https://www.jta.org/archive/ceremony-heard-around-the-world> (the date of referring: 10.06.2024)
- 6 Rumage S.A. Resisting the West: The Clinton Administration's Promotion of Abortion // 1994 Cairo Conference and the Strength of the Islamic Response. –California, 1996. – P. 1-100.
- 7 Haspel P, Algeria Revisited: Opposing Commanders as Warring Doubles in The Battle

of Algiers // Journal of Film and Video. – 2006. – № 3 (58). – P. 33-42.

8 Sri Lanka's Conflict-Affected Women: Dealing with the Legacy of War // [Electronic source] URL: <https://www.crisisgroup.org/asia/south-asia/sri-lanka/289-sri-lankas-conflict-affected-women-dealing-legacy-war> (the date of referring: 23.06.2024)

9 Jones S.G., Doxsee C., Harrington N. The right-wing terrorism threat in Europe. – Center for Strategic and International Studies, 2020.

10 Atran S. Psychology of Transnational Terrorism and Extreme Political Conflict // Annual review of psychology. – 2021. – №1 (72). – P. 471-501.

11 Morgades-Bamba, C. I., Raynal, P., & Chabrol, H. Exploring the Radicalization Process in Young Women // Terrorism and Political Violence. – 2020.– №. 7(32). – P. 1439-1457.

12 Lauren R. Shapiro & Marie-Helen Maras. Women's Radicalization to Religious Terrorism: an Examination of ISIS Cases in the United States // Studies in Conflict & Terrorism. – 2018. – № 42:1-2. – P. 88-119.

13 Milton-Edwards B. The challenges

of researching political Islam // Routledge handbook of Middle East politics, 2020. – P. 243-256.

14 Patel S., Westermann J. Women and Islamic-State Terrorism: An Assessment of How Gender Perspectives Are Integrated in Countering Violent Extremism Policy and Practices // Security Challenges. – 2018. – № 2 (14). – P. 53-83.

15. Birla Z. S. American Women's Motivations to Join Overseas Terrorist Groups. – Walden University, 2023.

16 10 Reasons Western Women Seek Jihad and Join Terror Groups // [Electronic source] URL: <https://www.hstoday.us/subject-matter-areas/counterterrorism/10-reasons-western-women-seek-jihad-and-join-terror-groups/> (the date of referring: 23.06.2024)

17 Female terrorists and their role in jihadi groups Beverley Milton-Edwards and Sumaya Attia // [Electronic source] URL: <https://www.brookings.edu/articles/female-terrorists-and-their-role-in-jihadi-groups/> (the date of referring: 23.06.2024)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

Акерке Құрманалиқызы Сақбаева

PhD докторант, әл-Фараби атындағы ҚазақҰлттық Университеті, Алматы, Қазақстан, email: akerke-94@mail.ru, ORCID ID: 0009-0005-0649-3752

Нағима Жаулыбайқызы Байтенова

профессор, философия ғылымдарының докторы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан, email: zhanat52@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-8318-4196

Акерке Курманалқызы Сакбаева

PhD докторант, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: akerke-94@mail.ru, ORCID ID: 0009-0005-0649-3752

Нагима Жаулыбайқызы Байтенова

профессор, доктор философских наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Алматы, Казахстан, email: zhanat52@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-8318-4196

Akerke Sakbaeva

PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: akerke-94@mail.ru, ORCID ID: 0009-0005-0649-3752

Nagima Baitenova

Professor, Doctor of Philosophical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, email: zhanat52@mail.ru, ORCID ID: 0000-0002-8318-4196